



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі БАӘ орталық банкі және қаржы реттеушісімен бірқатар кездесу өткізді

2024 жылғы 28 наурыз

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі делегациясының **Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапары** өтті.

Сапардың негізгі мақсаты-БАӘ реттеуші органдарымен, банк ұйымдарымен және инвестициялық компанияларымен стратегиялық ынтымақтастықты нығайту, Қазақстанның қаржы нарығына **жаңа қатысушылар мен инвестицияларды** тарту, сондай-ақ Қазақстандағы экономиканың нақты секторына, жобалар мен бастамаларға **кредит беруді ұлғайту**.

Сапар аясында **БАӘ Орталық банкінің** төрағасы Халед Мохамед Балама, БАӘ **Бағалы қағаздар және биржалық тауарлар жөніндегі реттеушісінің** басшысы Мәриям Бути Әл Сувайди, **Әбу-Даби Қор биржасының** төрағасы Ганнам Бутти Алмазруэймен кездесулер өткізілді.

Банкаралық және инвестициялық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері **БАӘ Банктер федерациясының** төрағасы Абдул Азиз Абдулла Эл Гурайрмен (**Mashreq Bank**-тің Төрағасы қызметін қоса атқарушы), **Әбу-Даби коммерциялық банкінің** (Abu Dhabi Commercial Bank) басшылығымен, **Mubadala** инвестициялық холдингінің басшысы Валид Эл Мокарраб Эл-Мухаири мен **Инвестициялар жөніндегі кеңестің** (Abu Dhabi Investment Council) басшысы Саид Әл Мазруэймен және қаржы секторының басқа өкілдерімен кездесулерде талқыланды. Сондай-ақ, БАӘ-нің жетекші **AI** және **финтех компаниялары** Presight және Core42 Томас Прамотедам бастау алған өкілдері тобымен кездесулер өткізілді.

Орталық банкпен және БАӘ Бағалы қағаздар және биржалық тауарлар жөніндегі реттеушісімен кездесулерде макроэкономикалық жағдайлар, қаржылық және инвестициялық ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективалары туралы пікір алмасу орын алды. Цифрлық қаржы активтерін, ислам банкингін реттеу және қаржы нарығын дамыту бойынша БАӘ тәжірибесін тарту туралы **уағдаластықтарға** қол жеткізілді. Уағдаластықтарды іске асыру мақсатында **ынтымақтастық туралы жаңа келісімдерге** қол қойылады.

Тараптар сондай-ақ Қазақстан мен БАӘ қаржы нарықтарына **инвестицияларды** тартуды **ынталандыруды** жалғастыруға, биржалық нарықтардағы өтімділікті арттыруға және **Әбу-Даби Қор биржасы, KASE және АХҚО** арасында капитал нарықтарын дамыту бойынша тәжірибе алмасуды жалғастыруға уағдаласты. Сондай-ақ қазақстандық эмитенттердің қаржы құралдарына БАӘ мен Парсы шығанағы елдерінің инвесторлары кең ауқымының капиталын тарту мақсатында қазақстандық биржалардың Tabadul цифрлық биржалық сауда платформасына қосылу мүмкіндігін талқылады.

Mubadala мемлекеттік холдингтік компаниясымен, **Банктер федерациясымен** және **Әбу-Даби коммерциялық банкімен** кездесулерде қазақстандық тарап инвестициялық ахуал, нарыққа кіру кедергілерін азайту жөніндегі шаралар, әмбебап банктік лицензия шеңберінде исламдық қаржыландыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін реттеушілік өзгерістер туралы ақпаратты жеткізді және БАӘ-ні Қазақстан экономикасына **кредит беруді кеңейтуге** шақырды. Тараптар сондай-ақ қаржы секторында сараптамалық әлеуетті арттыру және ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыруда табысты тәжірибесі бар Mubadala-мен бірлесіп **Қазақстан экономикасын инвестициялау** мүмкіндіктері мәселелерін талқылады.

БАӘ-нің қаржы секторындағы цифрлық банкинг және AI технологиялары саласындағы көшбасшылық ұстанымдарын ескере отырып, Қазақстанның қаржы секторында **цифрлық шешімдер мен AI технологияларын** енгізу бойынша бірлескен жұмыс туралы нақты уағдаластықтарға қол жеткізілді. Бұл цифрлық қаржылық қызметтердің тиімділігін арттыруға және қаржы экожүйесінің кибер тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефоннан ала алады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz